

**8D08104 – Өсімдік қорғау және карантин білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Дәулет Нұржанның «Молекулалық маркерлерді қолдана отырып, алманың перспективалы сорттарын *Erwinia amylovora* (бактериялық күйік қоздырғышы) ауруына төзімділігін скринингтен өткізу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Бактериялық күйік (*Erwinia amylovora*) жеміс дақылдарының аса қауіпті ауруларының бірі және Қазақстанда ол карантиндік объект болып табылады. Бұл аурудың одан әрі таралуын болдырмау үшін оған төзімді жеміс ағаштарының сорттарын өсіру өте маңызды. Қазіргі уақытта ауруға әлемдік селекцияда жеміс дақылдарының сапасы жоғары патогенге төзімді сорттары мен телітушілерін шығаруға баса назар аударылады. Сондықтан жемістердің өнімділігін арттыру үшін ДНҚ-маркерлік талдауды қолдана отырып, алма ағашының бактериялық күйік қоздырғышына генетикалық төзімді сорттары мен телітінділерін анықтау тек Қазақстанда ғана емес, дүние жүзінің бірқатар елдерінде де өзекті мәселе болып табылады.

Диссертация авторы өзіне жүктелген міндеттерді орындап, үлкен көлемдегі жұмыстарды жеке өзі аяқтап, ғылыми материал жинап, оны диссертация түрінде қорытындылады. Осы тақырып бойынша зерттеулер Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде докторантурада оқу барысында жүргізілді. Диссертациялық жұмыс 217 "Ғылымды дамыту" бюджеттік бағдарламасы, 102 "Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру" бағдарламасы бойынша, ЖРН АР09259636 "SNP – маркерлерді пайдалана отырып, алма ағашының перспективалы сорттары мен телітінділерінің қауіпті ауруға - бактериялық күйікке генетикалық төзімділігін зерттеу" тақырыбы бойынша орындалды.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде диссертант молекулярлық маркерлерді пайдалана отырып, ПТР талдауы негізінде алма сорттары мен телітушілерінде бактериялық күйіктің қоздырғышын анықтады. Автор SNP маркерлерін қолдана отырып, алма ағаштарының бактериялық күйік қоздырғышына генетикалық тұрғыдан төзімді алма ағаштарының аудандастырылған және перспективті сорттары мен телітушілерін анықтады.

Анықталған алма сорттары мен телітушілерінің бактериялық күйікке төзімділігі шаруашылықтың нақты жағдайларында ауруға қарсы қорғаныс шараларында қолданылуына, өсімдіктерді аурулардан химиялық қорғау құралдарын пайдалануды шектеуге, экологиялық таза өнім алуға мүмкін береді.

Дәулет Нұржанның ДНҚ-маркер талдауы арқылы алма ағашының генетикалық төзімді сорттары мен телітушілерін бактериялық күйік қоздырғышына анықтау мақсатында жүргізген жұмысы автордың заманауи зерттеу әдістерін жеткілікті меңгергендігін көрсетеді.



Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қағидалары, нәтижелері мен қорытындылары 8 ғылыми мақалада жарияланды, оның ішінде 2 мақаласы 58 және 75 пайыздық индексі бар журналдарда, Web of Science бірінші және екінші квантильдеріне кіретін журналдарда Scopus деректер базасына енгізілген. Сонымен қатар өндіріске ұсыныстар жарияланып, пайдалы модельге патент берілді.

Дәулет Нұржан ғылыми-зерттеу бағытын дұрыс таңдап, оны жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізіп, өндіріске ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар бере білетін жас ғалым. Оның айрықша ерекшелігі – орындалған жұмысқа еңбекқорлығы мен үлкен жауапкершілікпен қарауы.

Қорыта келе, Дәулет Нұржанның «Молекулалық маркерлерді қолдана отырып, алманың перспективалы сорттарын *Erwinia amylovora* (бактериялық күйік қоздырғышы) ауруына төзімділігін скринингтен өткізу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы дербес, толық зерттеу болып табылады, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру ережесінің» талаптарына сәйкес келеді және оның авторы 8D08104 – Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі,  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің, «Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының қаумдастырылған профессоры, а-ш.ғ.к.

Г.Н. Каирова

